

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі м.у.а. *Жеңіс* Р. Жылысбаева
«1» *10* 2024 жыл

Сауық кеш «Түрлі түсті шарлар» ойын-сауық.



Тәрбиешілер: Бидаулетова П
Ходжакулова Р

2024-2025 оқу жылы

Сауық кеш, "Түрлі түсті шарлар" ойыны

Сабақтың мақаты: 1. Ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу;
2. Ойын кезінде әділдікке, жолдастық сезімге, ойынды жетілдіруге тәрбиелеу;
3. Балаларға денсаулықтың қадірін, бағалы байлық екенін түсіндіру және оны сақтаудың жолдарын түсіндіру.

Қажетті құралдар: доп, арқан, кедергілер, секірме жіп.

Барысы: 1. Кіріспе сөз;

2. Спорттық жарыс;

3. Қорытынды сөз. Марапаттау.

Жүргізуші: Құрметті жиналған қауым, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі «Түрлі түсті шарлап» атты спорттық жарысымызға қош келіпсіздер! Сайыстың негізгі мақсаты – жас ұрпақты жаман әдеттерден аулақ, денінің сау болып, келешекте өз елінің, қоғамының салауатты, өркениетті, білімді азаматы етіп қалыптастыру. Осы мақсатта біз бүгін даярлық топ оқушылары арасында сайыс өткізгелі отырмыз.

Жүргізуші: Ал, құрметті халайық,

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріңдер!

Жарысты бастамас бұрын ойынға әділ бағасын беретін әділ қазылар алқасымен таныстырып өту.

Жүргізуші: Жарысқа қатысып, бақ сынамақшы болған үміткерлерді іріктеуден кейін 2 топ алдарыңызда өнер көрсетпекші. Сіздерге жеңіс тілей отырып, ортаға сайыскерлерді шақырамыз.

Бүгін оқушылар 2топқа бөлініп бақ сынайды. Ал ендеше сайысымыздың шарттарымен таныстырып өтейі

Сайыс шарттары:

1. Допты ойын; 2. Ептілік; 3. Кенгуру 4. «Мерген» 5. Секірмек; 6. Арқан тартыс.

Ал, балалар сайыс шарттарымен таныс болдық, енді әрі қарай ойынымызды бастаймыз.

Жүргізуші:

Денсаулық – шексіз бақыт,

Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа.

Өмірде бакыттысың денің сауда,

«Денсаулық – терең бакыт» деген сөзді,

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да,-деп, келесі ойынымызға көшейік.

1.« Допты ойын».

Ойын шарты:Доппен жүгіріп барып, доппен жүгіріп келеді де, допты келесі оқушыға береді.Дәл осылай ойын қайталанаты.

Жүргізуші:

Денің сауда күштісің бұл әлемде,

Денің сауда сұлусың жер бетінде.

Сол мықты денсаулықтың арқасында,

Жетерсің әлі талай бакыттарға.

2. Сайысымыздың келесі бөлімі «Ептілік» ойыны деп аталады.

Ойын шарты: доптың үстінде отырып секіріп барып, қайтып келу.

Құрметті сайыскерлер деніміз сау болсын десек спортпен шұғылданадық. Сонымен сайысымыздың келесі бөліміне көшейік.

3. Келесі ойынымыз «Кенгуру» деп аталады.

Ойын шарты: Әр топтан бір-бір оқушыдан шығып, қаппен секіреді. Ойын осылайша жалғасады.

Жүргізуші: Жатып ішер боп жалқау,

Бойкүйез болма, еріншек.

Айналысып спортпен,

Талаптан, жаттық еңбекпен.

4.Сайысымыздың келесі бөлімі «Мерген» ойыны деп аталады.

Ойын шарты: Әр топтан бір-бір оқушы шығып, нысананы көздеп ату..

5.«Секірмек».

Ойын шарты: Бір оқушы секірме жіппен кедергілер арасынан жүгіріп өту қажет.

6.«Арқан тартыс». Балалар берілген шарттар бойынша ойын түрлерінен жарысады.

Жүргізуші: « Құлақтан кіріп бойды алар,

Жаксы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй», - деп Абай атамыз айтқандай,«Адам болам десеңіз» өленің тыңдайық

Жүргізуші: Өнерге биік сеніңіз,

Думанға қызық келіңіз.

Әділ қазы ел сенген,

Өнерге баға беріңіз.

Құрметті әділ қазылар сөз кезегі өздеріңізде.

Жүргізуші: Құрметті оқушылар, жүлделеріңіз құтты болсын!

Бүгінгі «Түрлі түсті шаптар» атты спорттық жарысымыз аяқталды. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет.....